

Асыл тұқымды мал мәртебесін беру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 1 маусымдағы № 724 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 тамыздағы
№ 680 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 680 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-2/331 бұйрығын қараңыз.

«Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңының 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Асыл тұқымды мал мәртебесін беру қағидалары б е к і т і л с і н .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан
К. Мәсімов*

Республикасының

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы 1

м а у с ы м д а ғ ы

№ 7 2 4 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Асыл тұқымды мал мәртебесін беру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Асыл тұқымды мал мәртебесін беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленген және асыл

тұқымды мал мәртебесін беру тәртібін анықтайды.

2. Асыл тұқымды мал мәртебесін беруді ірі қара мал тұқымдары бойынша республикалық палаталар оларды палаталарда тіркеу жолымен жүзеге асырады.

3. Асыл тұқымды мал мәртебесі малдың тіршілігі кезінде бір рет, ірі қара малдың әр басына ол туылғанда беріледі.

4. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) асыл тұқымды мал – тұқымның өнімділік типіне, бағыты мен деңгейіне сай келетін, асыл тұқымды малдың карточкасы немесе асыл тұқымдық куәлігі бар таза тұқымды, жоғары сыныпты, өнімділігі жоғары мал;

2) асыл тұқымды малдың карточкасы – Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен ресімделетін, асыл тұқымды малдың шығу тегін, өнімділік және өзге де сапаларын растайтын асыл тұқымды малды есепке алу нысаны;

3) асыл тұқымдық куәлік – Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын асыл тұқымды мал зауыты, асыл тұқымды мал шаруашылығы, асыл тұқымды мал орталығы, асыл тұқымды малдың ұрықтарын өткізу жөніндегі дистрибьютерлік орталық, асыл тұқымдық өндіруші және ірі қара малдың тұқымдары бойынша республикалық палата беретін, асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) ата-тегін, өнімділік және өзге де сапаларын растайтын құжат;

4) селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпарат қоры – уәкілетті орган айқындаған оператор жүргізетін, малдың табындарын жетілдіру және генетикалық әлеуетін арттыру үшін пайдаланылатын, асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілеріндегі асыл тұқымды мал туралы және селекциялық процеске тартылған мал туралы деректерді жинаудың, жинақтаудың және өңдеудің автоматтандырылған жүйесі;

5) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында басшылықты және мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

б) ірі қара мал тұқымдары бойынша республикалық палата (бұдан әрі – Палата) асыл тұқымды ірі қара мал өсіруді жүзеге асыратын – жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін іске асыру және қорғау үшін құрылатын және жұмыс істейтін коммерциялық емес, өзін-өзі қаржыландыратын ұйым.

2. Асыл тұқымды мал мәртебесін беру тәртібі

5. Асыл тұқымды мал мәртебесі, егер ірі қара мал мынадай талаптарға сәйкес болса беріледі:

1) жыл сайынғы асыл тұқымдық бағалау нәтижелерімен асыл тұқымды малдың карточкасының немесе сатылған асыл тұқымды төлдің асыл тұқымды

к у ә л і г і н і ң б о л у ы ;

2) селекциялық және асылдандыру жұмысының бірыңғай ақпараттық базасында тіркелуінің болуы;

3) ауыл шаруашылығы малдарының бірдейлендіру нөмірінің және бірдейлендіру бойынша дерекқорда тіркелуінің болуы;

4) ветеринариялық және зоотехникалық нормативтерге сәйкес ірі қара малды ұстап-бағуда зоотехникалық-ветеринариялық нормаларды сақтау.

6. Экспорттаушы елдің құзыретті органы берген және Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган таныған асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжат болған жағдайда импортталған ірі қара малға асыл тұқымды мал мәртебесі беріледі.

7. Осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі - өтініш беруші) ірі қара малға асыл тұқымды мал мәртебесін алу мақсатында палатаға өтініш жасайды.

8. Өтінішті алғаннан кейін палата күнтізбелік он күн ішінде тіркеу журналында, селекциялық және асылдандыру жұмысының ақпараттық базасында тіркеу жолымен асыл тұқымды мал мәртебесін беруді жүзеге асырады және өтініш берушіге ірі қара малдың палатадағы тіркеу нөмірін көрсетіп, жазбаша т ү р д е х а б а р л а й д ы .

9. Ірі қара мал осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, өтініш берушіге күнтізбелік он күн ішінде асыл тұқымды мал мәртебесін беруден дәлелді бас тарту жолданады.

10. Малды асыл тұқымды деп тану палатада малдың тіркеуден өткен күнінен бастап жүзеге асырылады.

А с ы л т ұ қ ы м д ы м а л м ә р т е б е с і н
б е р у қ а ғ и д а л а р ы н а
қ о с ы м ш а

Нысан

_____ (Ірі қара мал тұқымдары бойынша республикалық палата)

кімнен _____

(заңды немесе жеке тұлғаның толық атауы)

Ө Т І Н І Ш

_____ ірі қара мал (сүтті, етті, сүтті-етті бағыттағы өнімділік) тұқымына асыл тұқымды мал мәртебесін беруіңізді сұраймын _____

